

© Ш. Б. Тұрсынова, 2020

ӘОК 615.1(574)

Ш. Б. Тұрсынова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФАРМАЦЕВТИКА НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДӘРІЛІК ҚАЛЫПТАРДЫҢ МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУЛЕР

Қарағанды медициналық университеті химия және фармацевтикалық пәндер кафедрасы
(Қарағанды, Қазақстан Республикасы)

Мақалада Қазақстан Республикасы фармацевтика нарығындағы жергілікті қолданылатын дәрілік қалыптардың маркетингтік зерттеулерін жасау бойынша зерттеулердің нәтижелері баяндалған.

Біздің зерттеулеріміз бойынша, отандық өндірушілер көбінесе өсімдік тамырлары, жемістері, жапырақтары, гүлдері, фито-шай, тұндырма, ерітінді, таблетка, көзге және мұрынға арналған тамшылар, шырын, капсулалар түріндегі дәрілік түрлерді өндіреді.

Өткен жылдардың маркетингтік зерттеулері бойынша, жұмсақ дәрілік қалыптардың санының салыстырмалы түрде бірқалыпты болып тұрғандығын көреміз. Болашақта жергілікті қолданылатын дәрілік түрлердің саны артса дейміз.

Кілт сөздер: маркетингтік зерттеу, жергілікті қолданылатын дәрілік қалыптар

Нарықтық экономика бизнесті дамыту саласына ғана емес, сонымен қатар, қарапайым адамдардың өміріне де тікелей әсер етеді. Әрбір адам қандай да бір өнімге бірқатар белгілі талаптарды қояды. Бұл талаптардың басым бөлігі экономикалық және техникалық көрсеткіштер түрінде көрінеді. Алайда, талғам талаптарын нақты сандар түрінде білдіру мүмкін емес. Адамдардың талғамы жас ерекшелігіне, діни сенім, мәдени дәстүрі мен басқа да маңызды факторларға байланысты. Маркетолог мамандарының басты мақсаты нақты тауар өнімін таңдау кезіндегі тұтынушылардың қолданатын ұстанымдарын анықтау болып табылады [1].

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында халықты сапалы дәрілік заттармен қамтамасыз ету мәселесі ерекше назарға алынып отыр. Жоғарыда көрсеткеніміздей, Қазақстан Республикасы мол өсімдік шикізат қорына ие мемлекет. Аймақты жоғары сапалы, қауіпсіз және қолжетімді дәрілік заттармен қамтамасыз ету бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл мәселені шешудің тиімді жолы жергілікті дәрілік өсімдік шикізаттарды жоғары деңгейде зерттеу және пайдалану болмақ.

Ойлаған нәтижеге жету үшін түрлі шаралар жиынтығын, оның ішінде дәрі-дәрмектер нарығын, олардың түрлерін, сыртқы, сонымен қатар ішкі бәсекелестерді маркетингтік зерттеу, тауарлардың өндірісін, сапасын және бәсекеге қабілеттілігін зерттеу сияқты ғылыми-зерттеу шараларын орындау қажет. Адамдардың орташа өмір сүру ұзақтығының артуы және халық санының өсуі дәрі-дәрмекке сұранысты арттырады, оның ішінде қартайған адамдардың ауруларын емдеу мен олардың алдын алу үшін көп қолданылады. Мұның

нәтижесі дәрі-дәрмек өндірісін, оның ішінде жергілікті қолданысқа арналған дәрі-дәрмек түрлерін үнемі арттырып отыру болып табылады [2].

Маркетингтік зерттеулер – бұлар маркетинг шешімдерін қабылдау үшін, белгісіздікті азайту, мәліметтерді жинау, өңдеу және талдау үшін қажет [3].

Отандық нарықта бүгінгі таңда дәрілік құралдар жеткілікті мөлшерде. 2018 жылдың қараша айындағы мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасында 7821 дәрілік препараттар тіркелген, 2010 жылы жалпы отандық фармацевтикалық нарықта 8160 дәрілік препараттар тіркелген, оның жұмсақ дәрілік түрлері 445 (5,5%) орын алған [4], 2012 жылы жалпы отандық фармацевтикалық нарықта 7376 дәрілік препараттар тіркелген, оның жұмсақ дәрілік түрлері 454 (6,16 %) орын алған [5], 2015 жылы жалпы отандық фармацевтикалық нарықта 7445 дәрілік препараттар тіркелген, оның жұмсақ дәрілік түрлері 432 (5,25%) орын алған [6].


Олардың ішінде жұмсақ дәрілік қалыптар – 462 (5,9 %) (1 сурет).

Қазақстан нарығындағы жұмсақ дәрілік қалыптардың ішінде жақпа майлар – 149, суппозиторийлер – 113, пасталар – 5, гельдер – 89, кремдер – 99, линименттер – 7 (2 сурет).


Маркетингтік зерттеулер нәтижесінде Қазақстан Республикасының нарығында жұмсақ дәрілік қалыптар 100-ден аса шет елдерден келетіні және негізгі өндірушілердің саны 30-ға жуық екені анықталды.

Жұмсақ дәрілік құралдар негізінен Германия, Австрия, Португалия, Бельгия, Швейцария, Польшадан, Франция, Турция, Венгрия, Словения, Италия, Эстония, Үндістан және

Организация и экономика здравоохранения



1 сурет – Қазақстан нарығындағы жұмсақ дәрілік қалыптар үлесі



2 сурет – Жұмсақ дәрілік қалыптардың нарықтағы үлесі

1 кесте – Қазақстан Республикасында тіркелген жұмсақ дәрілік қалыптардың шетелдік өндірушілері

Өндіруші ел	Фирма атауы	Саны
Германия, Португалия, Бельгия	Schering, Bayer, Schering – Plough	43
Индия	Lupin, Ranbaxy, Microlabs, Glenmark, Agio, Д-р Редди'с Лабораторис Лимитед	41
Швейцария	Novartis	10
Польша	Jelfa	14
Франция	Дельфарм Юнинг САС, Лаборатории Галдерма, МЕДА Меньюфекчеринг	14
Венгрия	Gedeon Richter	4
Словения	Lek, KRKA	3
Турция	Эмбил Илач Сан.Лтд.Шти., Санта Фарма Илач Санаи А.Ш., Зентива Саглык Юрюнлери Сан. ве Тидж. А.Ш.	17
Италия	Shering, Иститудо Де Анжели С.р.л.	22
Румыния	К.О. Магистра К&К С.Р.Л.	7
Ресей	Нижфарм, Алтайвитаминдер	73
Молдова	ФАРМАПРИМ ООО	13
Украина	Боршаговский ХФЗ, Дарница ФФ, Лекхим - Харьков АО және т.б.	19
Белоруссия	Борисов МПЗ	13
Латвия	ЛМП ООО, Гриндекс АО	6
Басқа елдер	1-ден 4 атауға дейін	163

2 кесте – Қазақстан Республикасы нарығындағы жұмсақ дәрілік дәрілік құралдарды өндіретін отандық өнеркәсіптер

Фирма атаулары	Тауарлар саны
АҚ «Нобел Алматы фармацевтикалық фабрика»	13
ЖШС «Фармация 2010»	10
ПК «Фирма Кызылмай»	8
ЖШС «Шаншаров-Фарм»	7
АҚ «Химфарм»	4
ЖШС «ФитОлеум»	3
ЖШС «Dosfarm»	1

Ираннан импортталады, жақын шетелдерден өнімдер Ресей, Белоруссия, Украина, Молдова, Латвия өндірушілерімен ұсынылады [5].

Дәрілік құралдардың номенклатурасын талдау тіркелген жұмсақ дәрілік құралдардың 94%-ы жақын және алыс шетелдерден импортталған болып табылатынын көрсетті.

Қазақстан Республикасында жұмсақ дәрілік құралдардың өндірісі негізінен кеңес заманының атауларымен және технологиясымен байланысты. Олар стрептоцидті, мырышты, ихтиолды, күкіртті, метилурацил, фурацилин, бальзамдық линимент және т.б. сияқты жақпа майлар. Заманауи жоғары технологиялы

жұмсақ дәрі-дәрмек түрлері мүлдем жоқ [6]. Алдыңғы орындарды мына зауыттар алады: «Нобел Алматинская фарм.фабрика» АҚ, ЖШС «Фармация 2010», ПК «Фирма Кызылмай», ЖШС «Шаншаров-Фарм», «Химфарм» АҚ. Қалған компаниялар 1-2 атаулардан ғана өндіреді.

Біздің зерттеулеріміз бойынша, отандық өндірушілер көбінесе өсімдік тамырлары, жемістері, жапырақтары, гүлдері, фито-шай, тұндырма, ерітінді, таблетка, көзге және мұрынға арналған тамшылар, шырын, капсулалар түріндегі дәрілік түрлерді өндіреді.

Өткен жылдардың маркетингтік зерттеулері бойынша, жұмсақ дәрілік қалыптардың санының салыстырмалы түрде бірқалыпты болып тұрғандығын көреміз. Болашақта жергілікті қолданылатын дәрілік түрлердің саны артса дейміз.

ӘДЕБИЕТ

1 Малый бизнес от идеи до реализации <https://ktobiznese.ru> (дата обращения: 22.06.2019 г.)

2 Лекарственные препараты в Казахстане: Справочник. – М.: Видаль, 2012. – 826 с.

3 Дремова Н. Б. Комплексный подход в исследовании маркетинговых позиций лекарственных средств /Н. Б. Дремова, А. М. Николаенко, И. И. Совершенный //Новая аптека. Эффективное управление. - 2009. – №8. – С. 47-51.

4 Сакипова З. Б. Маркетинговые исследования рынка мягких лекарственных форм Республики Казахстан //Наука и новые технологии. – 2008. – № 5-6. – С. 68-71.

Sh. B. Tursynova

MARKETING RESEARCHES OF LOCAL MEDICINES IN THE PHARMACEUTICAL MARKET OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The article presents the results of the development of marketing research of topical dosage forms in the pharmaceutical market of the Republic of Kazakhstan. According to data, domestic manufacturers often produce drugs in the form of plant roots, fruits, leaves, flowers, herbal teas, tinctures, solutions, tablets, eye and nose drops, capsules, etc. According to marketing research from previous years, the number of soft dosage forms is relatively stable. In the future, we can expect that the number of topical drugs will increase.

Key words: marketing research, dosage forms of local application

Ш. Б. Турсынова

МАРКЕТИНГОВЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ МЕСТНЫХ ЛЕКАРСТВЕННЫХ ПРЕПАРАТОВ НА ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОМ РЫНКЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В статье изложены результаты разработок маркетинговых исследований лекарственных форм местного применения на фармацевтическом рынке Республики Казахстан. По данным, отечественные производители часто производят лекарства в форме корней растений, плодов, листьев, цветов, фиточаев, настоев, растворов, таблеток, глазных и носовых капель, капсул и т. д.. Согласно маркетинговым исследованиям предыдущих лет, количество мягких лекарственных форм относительно стабильно. В перспективе можно ожидать, что количество лекарств местного применения увеличится.

Ключевые слова: маркетинговые исследования, лекарственные формы местного применения

5 Таганов Ж. И. Тірек-қимыл аппараты ауруларында қолданатын емдік косметикалық гельдің құрамы мен технологиясын құрастыру. – Алматы, 2013. – 50 б.

6 Нөкербек Ш. *Artemisia rupestris* өсімдігі негізінде жаңа фитопрепараттардың фармацевтикалық негіздемесін жасау. – Алматы, 2015. – 116 б.

REFERENCES

1 Malyj biznes ot idei do realizacii <https://ktobiznese.ru> (data obrashhenija: 22.06.2019 g.)

2 Lekarstvennye preparaty v Kazahstane: Spravochnik. – М.: Vidal', 2012. – 826 s.

3 Dremova N. B. Kompleksnyj podhod v issledovanii marketingovyh pozicij lekarstvennyh sredstv /N. B. Dremova, A. M. Nikolaenko, I. I. Sovershenyj //Novaja apteka. Jeffektivnoe upravlenie. - 2009. – №8. – S. 47-51.

4 Sakipova Z. B. Marketingovye issledovaniya rynka mjagkih lekarstvennyh form Respubliki Kazahstan //Nauka i novye tehnologii. – 2008. – № 5-6. – С. 68-71.

5 Taganov Zh. I. Tirek-qimyl apparaty aurularynda qoldanatyn emdik kosmetikalық gel'diң quramy men tehnologijasyn qurastyru. – Almaty, 2013. – 50 b.

6 Nekerbek Sh. Artemisia rupestris osimdigі negizinde zhaңa fitopreparattardıң farmaceutikalық negizdemesin zhasau. – Almaty, 2015. – 116 b.

Поступила 11.09.2019 г.